

6B01505 – ГЕОГРАФИЯ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БАКАЛАВРЫ ТҮЛЕГІНІҢ МОДЕЛІ

Бәсекеге қабілетті, өңір үшін сұранысқа ие, жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілігі бар, білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында кәсіптік қызметті жүзеге асыруға қабілетті география мұғалімдерін дайындау.

- білімі (орта мектептегі, лицейдегі, гимназия, колледждегі география пәнінің оқытушысы);
- басқару (білім беру бөлімі, әкімшілік, көгалдандыру бойынша ұйымдар, экология);
- ғылым бойынша (профиль бойынша ғылыми-зерттеу ұйымдары: жаратылыстану, геология, жалпы жертану, геоморфология, экология, ландшафттану, топырақ географиясы, елтану т.б.).

Бакалавриат түлегінің моделі

Бакалавриат бағдарламасын меңгерген түлек бакалавриат бағдарламасы бағдарланған кәсіби қызмет түрлеріне сәйкес келетін кәсіби құзыреттерге ие болуы тиіс:

Ғылыми-зерттеу қызметі:

- ғылыми және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерттеу;
- география пәнін оқытуда озық педагогикалық тәжірибені зерделеу және қорыту;
- оқу процесінде оқыту нәтижелерін енгізу арқылы білім беру эксперименттерін жүргізу.

Ғылыми-өндірістік қызмет:

Коммуникативтілік таныту: кәсіби қызметінде білім алушылармен, әріптестерімен, ата-аналармен диалог жүргізу, әлеуметтік серіктестерімен ынтымақтастық қарым-қатынаста болу, командада жұмыс істей білу.

Кәсіби қызметінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды практикада қолдану.

Жобалық қызмет:

Білім беру үдерісінің ерекшелігін, тәрбие міндеттерін және тұлғаның дамуын ескере отырып заманауи педагогикалық технологиялар дайындай білу;

География саласында оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану; география салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары; география саласында фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділікті білу және түсіну; академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңызын ұғыну.

Ғылыми-педагогикалық қызмет:

Өзінің тұлғалық даму мақсаттарын қалыптастыруға және шынайы бағалауға қабілетті, сондай-ақ, білім алушылардың зияткерлік даму деңгейін кеңейту.